

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 1301 және "Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 15 мамырдағы № 623 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 қарашадағы № 1450 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1086 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.12.2015 № 1086 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 1301 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 49, 600-күжат):  
көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру е р е ж е с і н д е :

18-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

«18. Күрделі техникалық сипаттамалары және ерекшелігі бар тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізген жағдайда мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы осындай тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді осы Ережеде айқындалған тәртіппен заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктерінен (консорциумдардан) сатып алады. Мемлекеттік сатып алуға заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктері (консорциумдар) қатысқан жағдайда, онда аталған консорциумның қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалар өз біліктілік талаптарын растау үшін осы Ережеде белгіленген құжаттармен қатар мынадай құжаттарды беруге тиіс:»;

163-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының ( жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен аффилиирленген тұлғалар

кірісіне төлеу фактісі анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қ а й т а р а д ы . » ;

164-тармақтың мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;  
мынадай мазмұндағы 164-1-тармақпен толықтырылсын:

«164-1. Тауарларды мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстың тауарда жергілікті қамтудың болғаны үшін өз конкурстық өтінімінде шартты азайтуы бар жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу кезінде тапсырыс берушіге жеткізілетін тауардың бүкіл партиясына СТ-KZ нысанындағы тауардың шығуы туралы сертификатты ұсынады.»;

Е р е ж е г е 3 - қ о с ы м ш а :

47-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының ( жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен аффилиирленген тұлғалар кірісіне төлеу фактісі анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қ а й т а р а д ы . » ;

Үлгі конкурстық құжаттамаға 4 және 5-қосымшаларда:

10-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Біздің конкурстық өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда біз мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді авансқа тең мөлшерде енгіземіз (егер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу конкурстық құжаттамада мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының кемінде үш пайызына тең болуы тиіс авансқа тең мөлшерде көзделген болса, көрсетіледі).» ;

Е р е ж е г е 4 - қ о с ы м ш а д а :

44-тармақтың бірінші бөлігінің мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қ а л д ы р ы л с ы н ;

45-тармақтың мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;  
мынадай мазмұндағы 60-2-тармақпен толықтырылсын:

«60-2. Өнім беруші жеткізілетін тауардың бүкіл (барлық) партиясына ( партияларына) СТ-KZ нысанындағы тауардың шығуы туралы сертификатты ұ с ы н у ғ а м і н д е т т е н е д і . » ;

2) «Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 623 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 50, 678-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Электрондық мемлекеттік сатып алуды  
ж ү р г і з у қ а ғ и д а л а р ы н д а :

165-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының ( жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен аффилиирленген тұлғалар кірісіне төлеу фактісі анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қ а й т а р а д ы . » ;

мынадай мазмұндағы 166-1-тармақпен толықтырылсын:

«166-1. Тауарларды мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстың тауарда жергілікті қамтудың болғаны үшін өз конкурстық өтінімінде шартты азайтуы бар жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу кезінде тапсырыс берушіге жеткізілетін тауардың бүкіл партиясына СТ-KZ нысанындағы тауардың шығуы туралы сертификатты ұсынады.»;

Қағидаларға 1 - қ о с ы м ш а д а :

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«5. Ұйымдастырушы КҚ-ны алған веб-порталға қатысушы әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, сұрау салуды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде КҚ-ның ережелерін түсіндіру мәтінін веб-порталда ж а р и я л а й д ы . » ;

22-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«22. Конкурстық комиссияның хатшысы электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашудың хаттамасын веб-порталда ашылған күні жариялайды. Бұл ретте веб-портал конкурстық комиссияның мүшелеріне, веб-порталда автоматты түрде тіркелген әлеуетті өнім берушілерге хабарламаны автоматты түрде т а р а т а д ы . » ;

50-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының ( жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен аффилиирленген тұлғалар кірісіне төлеу фактісі анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қ а й т а р а д ы . » ;

аукциондық құжаттаманың электрондық нысанына 3-қосымша мынадай

мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Біздің конкурстық өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда біз мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді авансқа тең мөлшерде енгіземіз (егер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу конкурстық құжаттамада мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының кемінде үш пайызына тең болуы тиіс авансқа тең мөлшерде көзделген болса, көрсетіледі).» ;

конкурстық құжаттаманың электрондық нысанына 3-қосымша мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Біздің конкурстық өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда біз мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді авансқа тең мөлшерде енгіземіз (егер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу аукциондық құжаттамада мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының кемінде үш пайызына тең болуы тиіс авансқа тең мөлшерде көзделген болса, көрсетіледі).

Қағидаларға 5 - қосымшада :

67-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының ( жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен аффилиирленген тұлғалар кірісіне төлеу фактісі анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қ а й т а р а д ы . » ;

аукциондық құжаттаманың электрондық нысанына 7-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

|                  |                           |
|------------------|---------------------------|
| Премьер-Министрі | Қазақстан Республикасының |
| Қазақстан        | С. Ахметов                |
| Үкіметінің       | Республикасы              |
| 2012 жылғы       | 15 қарашадағы             |
| № 1450 қаулысына |                           |
| қосымша          |                           |
| Аукциондық       | құжаттаманың              |
| электрондық      | нысанына                  |
| 7-қосымша        |                           |

## Берешектің жоқтығы туралы анықтама

Банктің атауы \_\_\_\_\_

Банк деректемелері \_\_\_\_\_

К і м г е :

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының деректемелері \_\_\_\_\_

Банк (атауы) \_\_\_\_\_ жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес осы Банкте қызмет көрсетілетін (занды тұлғаның толық атауы, тел., мекенжайы көрсетілсін) банк алдында анықтама берілген айдың алдындағы үш айдан артық созылған мерзімі өткен берешегінің жоқтығын растайды.

Осы анықтама № \_\_\_\_\_ электрондық конкурсқа қатысу үшін берілді, электрондық конкурстың атауы \_\_\_\_\_.

К ү н і \_\_\_\_\_

Қ о л ы \_\_\_\_\_

М.О.